

Бекітемін

ЖШС «Шалхар-Ата» балабақшасы

Менгерушісі: А.Медетова



«Аналарды аялайық» «Қошақан» Ересек тобы

Тәрбиешілер: А.Дауренова

2022-2023ж

«Аналарды аялайық»

Армысыздар қадірменді қонақтар, аяулы аналар, қызғалдақ қыздар, қадірлі тәрбиешілер! Көңілдеріңізге көктем шуағындай нұрын шашып сегізінші наурыз Халықаралық әйел, қыздар мерекесі де келіп жетті. Осындай көркем мерекенің қайкезде де орны бөлек. Аналарымызға деген ыстық сезім, алғыс пен құрмет әрқашанда жоғары болсын. Аяулы аналарымыз өмірдің гүлі, көңілдің жыры, әр отбасының алтын діңгегі. Бүгінгі «Аналарды аялайық» атты ертеңгілігіміз сіздерге арналады.

Ән: «Апатайым, анашым»

Тосын сәт: «Сиқырлы көктем»

Дала гүлге бөленеді,
Қуанышқа кенеледі.
Орман торғай бақтарда,
Өйткені мен көктеммін.
Құстар сайрай жөнеледі,
Шұғыламды төккенде.

Жүргізуші: Көктем қандай мезгіл еді,

Сұлулықтың егізі.
Әдемі сөз адамның,
Анаға айтар лебізі дей отырып кезекті балаларымыздың
тақпақтарына береміз.

Әділхан: Мен гүлдерді жұлмаймын,

Торғайларды қумаймын.

Айтқан сөзін тыңдаймын,

Анашымды тыңдаймын.

Мұхит: Баланыңда тірегі,

Дананыңда тірегі.

Шаршамасын ешқашан

Аналардың жүрегі.

Дениз: Әлдилеген анамның,

Аясында шалқыдым.

Ұғып тыңдап қаламын,

Бақыт тілін, бал тілін.

Аяла: Мені әжем айналғанда,

«Айым» дейді, «Күнім» дейді

Ренжігені білінбейд.

Күндей күліп, күлімдейді.

Айкөркем: Менің әжем әлемде,

Ұқсамайды кәріге.

Шәй қайнатып береді,

Біздің үйдің бәріне.

Алихан: Ана біздің күніміз,

Ана біздің гүліміз.

Ұландарды қуантып,

Ұзақ өмір сүріңіз.

Айлин: Менің әжем, ақ әжем,

Шуағы мол нұр әжем.

Ешқашанда қартаймай,

Аман есен жүрші әжем.

Дамир: Іш ауырса, тіс ауырса

Анам дәрі береді

Барлық бала, барлық ана

Оны жақсы көреді.

Би: «Гүлдер» биі.

Медина, Бағымай, Жанайым, Айлин, Сара, Раяна, Аякөз, Аяла, Айханым.

Тақпақтар: Бағымай, Ернұр, Асылжан, Азамат,

Алинұр, Абдурахман, Айханым, Раяна.

Би: «Қамшы» биі.

Ернұр, Дамир, Абдурахман, Алихан, Асылжан, Ерсұлтан, Мұхит, Айбар.

Тақпақтар: Медина, Айбар, Адина, Сара.

Айым, Бақберген, Нұрасыл, Аякөз.

Би: «Андижан» биі.

Азамат, Адина, Әділхан, Айым, Ернұр, Айзере,

Нұрасыл, Айкөркем, Бақберген, Нұрай, Алинұр, Дениз.

Тақпақтар: Айзере, Ерсұлтан, Жанайым, Ернұр.

Ән: «Құттықтаймын мама»

Жүргізуші: Аяулы аналар осымен бүгінгі «Аналарды аялайық» атты мерекелік кешіміз өз мәресіне жетті. Бүгінгі мереке баршаңызға құтты болсын. Аналарымыз әрқашанда көктемнің шуағындай күлімдеп жүрсін.

